

8 қыркүйек 2025 жылы университетіміздің студенттер Сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы тікелей эфирден көрсетілді. Университеттің барлық профессорлық - оқытушылық құрамы, колледждер және мектеп-лицейінің сабақтан бос оқытушылары қатысқан болатын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан:

Негізгі тезистер:

- ◆ Адамзат ірі мемлекеттер арасындағы қайшылықтардың ушығуымен сипатталатын жаңа тарихи кезеңге қадам басты.
- ◆ Қазақстанда Жасанды интеллект және цифрлық даму жөніндегі жаңа министрлік құрылады.
- ◆ Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеттің атауы Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті болып өзгертіледі.
- ◆ Ұлттық банк базасында цифрлық активтердің мемлекеттік қоры құрылуы қажет.
- ◆ Алатау қаласына ерекше мәртебе беріліп, ол тікелей Үкіметке бағынатын болады.
- ◆ Қазіргі негізгі проблема – экономикалық өсімді тежеп отырған жоғары инфляция.
- ◆ Екінші және үшінші атом электр станцияларын салуды жоспарлауға қазірден бастап кірісу керек.
- ◆ Ұлттық азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігі әлі де өзекті мәселе болып тұр.
- ◆ Жердің сапасын, өнімділікті және ауыл шаруашылығы дақылдарының жағдайын талдау үшін жасанды интеллект технологияларын енгізу қажет.
- ◆ Коммуналдық желілердің тозуын азайту үшін тарифтерді көтеру және жеке инвесторларды тарту арқылы саланы жаңғырту жоспарланып отыр.
- ◆ Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразиялық кеңістіктегі жетекші авиациялық хабқа айналу.
- ◆ Аймақтардан елордаға көші-қон ағынының күшеюі қаладағы жылу және су жүйелерінің тұрақтылығына қауіп төндіруде.
- ◆ Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру қажет.
- ◆ Барлығымызда жол жүру мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл самокаттарға да қатысты.
- ◆ Футбол клубтарын жекешелендіру процесін жалғастыру керек.
- ◆ Қазақстан Сенатын таратып, Парламентті бірпалаталы ету ұсынылды.



12.09.2025ж. күні Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде Құқықтық ғылыми-зерттеу институты мен «Құқықтану» кафедрасының ұйымдастыруымен және БҚО Полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы күрес басқармасының, Халық банкі БҚО филиалының қолдауымен «Дропперлікпен күрес үшін жауапкершілікті күшейту — интернет алаяқтығының алдын алу» тақырыбында Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына енгізілген өзгерістерді түсіндіру мақсатында жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара барысында интернет алаяқтығының қазіргі қоғамдағы өзектілігі, «дроппер» ұғымы мен оның қауіптілігі туралы кеңінен түсіндірілді. Кездесуде БҚО Полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі А.Г.Мусагалиев жастарға заңнамадағы жаңа өзгерістерді, интернет арқылы жасалатын қаржылық қылмыстардың түрлері, жеке деректерді қорғау тәсілдері жөнінде практикалық кеңестер берілді.

Халық банкі БҚО филиалының қауіпсіздік бөлімінің мамандары В.В.Безьянов пен Р.Р.Дюсенгалиева студенттерге банктік есеп шоттармен жасалатын алаяқтық әрекеттердің түрлеріне және ондан сақтану жолдарын түсіндірді.

Шарада сөз сөйлеген Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің Құқықтық ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD докторы В.Б.Тапакова Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сталкинг және некеге мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауаптылықтардың белгіленгендігін тілге тиек етіп, кеңінен түсіндіріп өтті.







2025 жылғы 15 қыркүйекте университетімізде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы аясында және «Заң мен тәртіп мемлекетіміздің мызғымас тұғыры» атты «Генералдар Кеңесі» РҚБ Президиумның төрағасы, генерал-лейтенант Бексұлтан Сарсековтың жастармен кездесуі өтті.







19.09.2025 ж. “QAZIPTU” ғылыми-білім кешенінде студенттердің салауатты өмір салтын ұстануын насихаттау мақсатында Денсаулық күні кең көлемде аталып өтті. Іс-шара барысында студенттер әртүрлі спорттық жарыстарға қатысып, өздерінің күш-қуаты мен ептілігін көрсетті. Арқан тартыс, гір көтеру, көңілді эстафета ойындары ерекше қызығушылық туғызды. Сонымен қатар қыздар арасында 500 метрге, ал жігіттер арасында 1000 метрге жүгіру сайыстары ұйымдастырылып, жастардың төзімділігі мен спорттық дайындығы сыналды. «Құқықтану» кафедрасының студенттері жүлделі орындарға ие болып, грамота, алғыс хаттармен марапатталды.

Жарыстар нәтижесінде студенттер өзара қолдау көрсетіп, ұйымшылдықтың, достықтың және спортқа деген ықыластың маңызын дәлелдеді. Денсаулық күні студенттердің белсенді өмір салтын қалыптастыруға, спорттық рухын көтеруге және олардың денсаулығын нығайтуға зор үлес қосты.

Дені сау студент – жарқын болашақ кепілі!



“Болашақ прокурор кеңістігі” – жаңа мүмкіндіктер алаңы!

2025 жылғы 20 қыркүйекте университетімізде ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен “Заң және тәртіп” қағидасы аясында “Болашақ прокурор кеңістігі” ашылды.

🔍 Бұл – еліміз бойынша “Құқықтану” білім бағдарламасын оқытатын жоғары оқу орындары арасында 11-ші болып ашылған бұрыштама.

📖 Кеңістікте:

- ҚР прокуратура жүйесі туралы ақпарат
- Барлық облыстық прокуратуралардың қызметі
- Құқықтық актілер мен нұсқаулықтар
- Ғылыми еңбектер, оқулықтар мен журналдар
- Прокурор формасы және т.б. орналастырылған.

👥 Салтанатты шараға Бас прокуратура өкілдері, БҚО прокуратурасының басшылығы мен университетіміздің профессор-оқытушылары және студенттері қатысты.

🎯 Мақсат – болашақ заңгерлердің прокуратура қызметіне қызығушылығын арттырып, кәсіби серіктестікті дамыту.

🏠 Қонақтарға “Хайтек” зертханасы, ұшу дрондары, электромобиль мен “Кримполигон” көрсетілді.

Бүгін университетімізде Астана қаласынан Бас прокуратураның кадр бөлімінің басшысы Ермек Зейнешұлы Уәли мырзаның және БҚО прокуратура басшылығының қатысуымен сапармен келіп, "Прокурор кеңістігі" жобасы аясында Құқықтану кафедрасында прокуратура қызметінің және Құқыққорғау академиясының бұрышы ашылды. Қолдау көрсеткен әріптестерге құқықтану кафедрасы атынан көп көп рахмет!







08.10.2025ж. күні Батыс Қазақстан облысы бойынша қаржы мониторингі агенттігінің Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бастамасымен Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті «Құқықтану» кафедрасының қолдауымен университетімізде Экономикалық тергеу қызметінің оқу кабинетінің ашылу салтанаты оздырылды.

Экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл саласында студенттерді практикалық даярлау, студенттерге сотқа дейінгі тергеу әдістемесін, заңсыз кірістерді анықтау тәсілдерін, сондай-ақ қаржы-экономикалық саладағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік беру. Сонымен қатар, университетіміздің микробіліктілік (микроквалификация) бағдарламасы аясында болашақ экономикалық тергеу мамандарын даярлау мақсатын көздеген іс шараға Батыс Қазақстан облысы бойынша қаржы мониторингі агенттігінің Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы, экономикалық тергеу қызметінің полковнигі Әбенев Асқар Ғабиденұлы, орынбасары Кенжебаев Жандос Садықұлы және Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ректоры Баяхов Әліби Науханұлы, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.







15-17 қазан аралығында Атырау қаласында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығы аясында «Сеніммен бірге» Республикалық студенттер форумы өткен болатын. Форум бағдарламасы бойынша «Kemelden» қазақша quiz, этно-ауыл көрмесі өткізіліп, салтанатты ашылу Ғылым және Жоғары білім министрі С.Нұрбекұлының алғы сөзі мен басталып, арнайы шақырылған спикерлердің Абай мұрасы, шығармалары жөнінде арнайы тақырыптары аясында сөз сөйледі. «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенттері Ерболұлы Диас және Айбекқызы Арайлым форумға барып, Алғыс хаттармен марапатталды.



21 қазан күні «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде, 25-қазан Республика күніне және Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Егемендік және Абай мұрасы: рухани сабақтастық» тақырыбында студенттер арасында дөңгелек үстел өз мақсатына сай мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.

Шараға «Құқықтану» кафедрасының 1 курс студенттері де белсене қатысып, алғыс хаттармен марапатталды.

Студенттердің тарихи деректерге сүйене отырып, Абай ілімін егемен еліміздің рухани дамуымен байланыстыра талдауы қуантады. Баяндамалардан жастардың елдік мәселелерге бейжай қарамайтыны, ұлттық құндылықтарға деген құрметі айқын байқалды. Абайдың «Толық адам» концепциясы, Алаш идеясы, цифрлық даму мен азаматтық белсенділік тақырыптарының қамтылуы – бүгінгі жастардың жан-жақты көзқарасын көрсетеді. Осындай шаралар – студенттердің патриоттық рухын көтеріп, таным көкжиегін кеңейтетін маңызды алаң.







2025 жылдың 30 қазан күні Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаментінде өңіріміздің ЖОО студенттерін "Жаңа талап" мемлекеттік қызмет мектебіне қабылдау шарасы өтті. Шараны департамент басшысы Мұрат Сейілбекұлы Байсалов мырза ашып, Еліміздегі мемлекеттік қызметтің маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Университетіміздің "Құқықтану" және "Жергілікті және мемлекеттік басқару" мамандығының жоғары курс студенттері "Жаңа талап" мектебінің тыңдаушысы болып қабылданды. Сонымен қатар, "Құқықтану" мамандығының 3-ші курс студенттері "Ашық есік" күніне қатысып, департаменттің қызметімен танысты. Студенттерімізге сәттілік тілей отырып, болашақта еліне адал қызмет ететін мемлекеттік қызметшілер қатарынан көрінетіндеріне сенімдіміз!



03.11.2025ж. күні БҚО Әділет департаменті мен Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ұйымдастыруымен өңіріміздің ЖОО-ның «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» БББ білім алушылары арасында құқықтық мәдениетті және зияткерлік меншік туралы білімдерін арттыру мақсатында интеллектуалдық ойын оздырылды.

Шарада университетіміздің «Құқықтану» мамандығының 2-ші курс білім алушыларынан құралған «Ақпарат сақшылары» командасы өте жақсы ойын өрнегін көрсетіп, «Үздік құқықтық команда» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар, 50 000 теңге сыйақыға ие болды.

Университетіміздің «Құқықтану» кафедрасына команданы дайындап, қолдау білдіргені үшін БҚО Әділет департаментінің басшысы А.А.Тасыбаева ханымның Алғыс хаты табысталды.

Команда құрамына және жетекшісі «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м. Джуламанов Сабыржан Сериковичке алғыс айтамыз.



«Құқықтану» кафедрасының жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылдың қараша айының 10-шы жұлдызы күні «Құқықтану» мамандығының студенттеріне "Заң және тәртіп" қағидасы аясында қонақ дәрісі өткізілді. БҚО қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Гильманова Динара Мугаппаровна «Қазақстан Республикасындағы Алқабилердің қатысуымен қаралатын сот істерінің ерекшеліктері» тақырыбында студенттерге дәріс оқып, өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Қонағымыз тақырып бойынша толық ақпарат беріп, студенттердің қызығушылығын оятты. Студенттер өз сұрақтарын қойып, ойларын ортаға салды.



15 қараша - Ұлттық валютамыздың туған күніне орай, Экономика және менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен "Қаржы әлемі" атты интеллектуалдық ойын сайысы өтті. Ойынның мақсаты-кәсіби ойлауды, топтық өзара іс-әрекетті дамыту, білім алушылардың экономикалық және басқарушылық пәндерге деген қызығушылығын ояту. Интеллектуалдық ойынға әр кафедрадан 3-4 студент қатысып, білімдерін ортаға салды. Әділқазылар шешімі бойынша 2-ші орынды "Құқықтану" кафедрасы иеленді, Ойын барысында белсенді қатысқан топ мүшелері және көрермендер тарапынан да белсенді қатысқан білім алушылар ұйымдастырушылар тарапынан ынталандыру сыйлықтарына ие болды.



17 қараша- Халықаралық студенттер күніне орай, жастардың зияткерлік қабілеттерін арттыру, командалық рухты дамыту және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ЖОО және АОО студенттер арасында Ұйымдастырылған "Зан және тәртіп" тұжырымдамасы аясындағы "Жастар квесті атты зияткерлік командалық ойынына қатысқан Құқықтану кафедрасының 1курс Ю-142 тобының студенттері.


Квест барысында студенттер логикалық тапсырмалар орындап, түрлі бағыттағы станцияларда өз білімдері мен жылдамдықтарын сынады.





2025 жылдың 20-шы қарашасы күні Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде "Жаңару" сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің БҚО бойынша филиалының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының көмекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, заңтану профессоры (доцент), құқықтану магистрі, "Заң ғылымдарына қосқан үлесі үшін" номинациясында "Жас үздік заңгер 2018" республикалық конкурсының

жеңімпазы - Мажитов Равиль Сидағатұлының қатысуымен "Конституциялық іс жүргізудегі прокурордың рөлі" тақырыбында университеттің «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларына дәріс сабағы өткізілді.












2025 жылдың 26 карашасы күні “Заң мен тәртіп” қағидаты аясында “Құқықтану” кафедрасының студенттері арасында «Цифрландыру және құқықтық инновациялар заманауи құқықтық тәртіптің дамуына тиімді әсер етеді» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Бұл шара студенттерге заманауи құқықтық жүйелер мен технологиялардың өзара байланысы туралы ой бөлісіп, цифрландырудың құқықтық тәртіпке ықпалына талдау жасауға мүмкіндік берді.

Пікірталас барысында қатысушылар үкімет және оппозиция болып, екі фракцияға бөлініп, бір-біріне қарсы аргументтер келтірді. Қолдаушылар цифрландыру мен құқықтық инновациялардың тиімділігін, ашықтық пен қолжетімділікті арттырудағы рөлін, сондай-ақ құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдетуін атап өтті. Ал қарсы тарап жеке деректердің

қауіпсіздігі, цифрлық теңсіздік және технологияларға тәуелділік мәселелеріне назар аударып, кейбір қауіптерді атап өтті.

Шара барысында студенттер өз ойларын еркін жеткізіп, құқықтық инновациялар мен цифрландырудың қоғамға тигізетін әсері туралы маңызды пікірлер айтты. Пікірталас қорытындысы бойынша, қатысушылар жаңа технологиялар мен цифрландырудың құқықтық жүйені жетілдіруге оң әсер ететінін, бірақ оның жағымсыз әсерлерін болдырмау үшін тиісті реттеу мен бақылаудың қажеттілігін түсінді.





26 қараша 2025 жылы Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде Мемлекеттік айыптаушылардың форумы аясында студенттермен мазмұнды кездесу өтті.

Іс-шараға Астана қаласы прокуратурасының Мемлекеттік айыптауды қолдау және апелляциялық сатыдағы істерге қатысу басқармасының бастығы Аймағанова Айжан Талғатқызы арнайы келіп, болашақ заңгерлермен ашық форматта кездесу өткізді. Кездесуді университет ректоры Әліби Науханұлы Баяхов ашып, форумның құқықтық мәдениетті арттырудағы, студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтті. Әліби Науханұлы өз сөзінде прокуратура органдары мен жоғары оқу орындарының өзара ынтымақтастығы жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға зор ықпал ететінін жеткізді.

Аймағанова Айжан Талғатқызы өз баяндамасында алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестеріндегі мемлекеттік айыптауды қолдаудың өзекті мәселелеріне тоқталып, прокуратура жүйесінде енгізіліп жатқан жаңа ақпараттық-анықтамалық өзгерістер туралы жан-жақты ақпарат берді. Сондай-ақ, жас заңгерлер үшін талап етілетін кәсіби құзыреттер, айыптау тарапындағы прокурордың жауапкершілігі мен жұмыстың ерекшеліктері нақты мысалдармен түсіндірілді. Кездесу еркін сұхбат форматында жалғасып, студенттер мемлекеттік айыптаушының қызметі, апелляциялық тәртіптегі сот істеріне қатысу ерекшеліктері, қылмыстық процестегі дәлелдемелерді бағалау, сондай-ақ прокуратура органдарына жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жөнінде түрлі сұрақтар қойды. Аймағанова Айжан Талғатқызы барлық сұрақтарға нақты әрі тәжірибеге негізделген жауап берді.

Іс-шара қорытындысында студенттер құқық қорғау саласындағы өзекті мәселелерді тереңірек түсініп, мамандыққа деген қызығушылықтарын арттырғандарын атап өтті.



2025 жылғы 10 желтоқсанда «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Жабасов Абзал ТМД қатысушы мемлекеттерінің жоғары оқу орындарының студенттері қатысқан «Дүниежүзі елдерінің сайлау жүйелері» атты VI Халықаралық студенттік интернет-олимпиадасында жүлделі орынға ие болды. Олимпиаданың ұйымдастырушылары – ТМД МПА МИМРД және Саратов мемлекеттік құқық академиясы, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының аумақтық сайлау комиссиясы.

2025 жылдың желтоқсан айының 11-і күні Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің бастамасымен университетіміздің «Құқықтану» кафедрасының қолдауымен «Заң клиникасы» кабинетінің ашылу салтанаты аясында «Құқығым бар» атты интеллектуалдық трансформациялық ойыны оздырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында заң мен тәртіптің қоғамдағы рөліне баса назар аударып, оны сақтау қоғамның тұрақтылығын және халықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайын арттыратындығын айтқан болатын.

Қоғамдағы заң мен тәртіп — бұл адамдар арасындағы өзара қатынастарды реттейтін және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі қағидалар. Заң — бұл мемлекеттің шығарған ресми ережелері мен нормаларының жиынтығы, ал тәртіп — сол заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін жағдайларды білдіреді. Заң мен тәртіптің дұрыс үйлесімі қоғамның дамуына, адамдардың қауіпсіздігі мен бостандығына негіз болады.

Білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру, заңға бағыну мен тіртіпті сақтаудың маңыздылығын түсіндіру, қоғамда жауапкершілікті арттыру және өз құқықтарын қорғауға үйрету мақсатын көздеген шараға Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті басшысы және қызметкерлері, БҚО Прокуратура органдарының, Полиция департаментінің қызметкерлері, Сот орындаушылар, қорғаушы – заңгерлер, Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің басшылығы, профессорлық-оқытушылық құрамы, білім алушылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті басшысы Ә.Ә.Тасыбаева мен Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры А.М.Аймағанбетова «Құқықтану» кафедрасы ғимаратынан «Заң клиникасы» кабинетін салтанатты түрде ашып, алғыстарын жеткізді. Департамент басшысымен университетіміздің кітап қорына құқықтық әдебиеттер табысталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – университет қабырғасында алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра алатын білім алушылар үшін қолайлы орта қалыптастыру және азаматтарға тегін заң көмегін алу мүмкіндігін ұсыну болып табылады. Жобаның жүзеге асырылуы халықтың құқықтық мәдениетін көтеріп, заң саласындағы білікті кеңестер мен қызметтердің қолжетімділігін кеңейтуге бағытталатын болады.

Шара жалғасы ретінде университеттің барлық мамандықтарының білім алушыларының және заңгер мамандарымен бірлескен командалары арасында «Құқығым бар» атты трансформациялық ойын өтіп, қатысушылар тамаша ойын өрнегін көрсетті. Ойын жүлдегерлері мен қатысушылары марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.





12 желтоқсанда студенттер арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Historical Quiz" -тарихи-танымдық интеллектуалды ойыны өтті. Әр кафедрадан 4 студенттен шығып, 5 команда ойынға белсене қатысты. Ойын форматы арқылы теориялық білімдерін тексеріп, тағы бір мәрте тарихи танымды жадыларында жаңғыртты. Мерекелік көңіл күй мен патриоттық сезім сыйланған кеште жеңімпаз топтар анықталып, алғыс хаттармен марапатталды. «Құқықтану» кафедрасының студенттері жұлделі 2 орынға ие болды!

Тәуелсіздік тұғырлы, бірлігіміз баянды болсын! Осы құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, ортақ мақсат жолында аянбай еңбек ете берейік!

